


# 12-тарау.

## Мемлекеттік қаржының жалпы сипаттамасы



### Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық қызметі

Еркін бәсекелестіктің нарықтық механизмінің өз қасиеті бар. Оның мүмкіндіктері үлкен, бірақ шексіз емес. Олар әрекет етпейтін және мемлекеттің араласуын талап ететін облыстар бар. Мемлекет ақша қатынастарын дұрыс ұйымдастырады, қоғамдық тауарларды ұсынады, сыртқы әсерлердің салдарын жояды.

Еркін нарық механизмі ақшалай сипаттағы қажеттіліктерді сұраныс арқылы қанағаттандырады. Бірақ ақшада сипаттау мен сұранысқа айналдыру мүмкін емес қажеттіліктер де бар. Бұл ұжымдық пайдалану қызметтері: ұлттық қорғаныс, мемлекеттік басқару, қоғамдық тәртіпті қорғау, вакцинациялау және т.б. Бұл жерде экономикаға мемлекеттің араласуынсыз болмайды.

Мемлекеттің ақшалай қатынастарды ұйымдастыруы, қоғамдық тауарларды ұсыну және сыртқы әсерлерді жою жөніндегі атқаратын функциялары, оның еркін нарық экономикасына араласуының қолайлы шекарасын, соныммен бірге бұл функциялар нақты нарықты реттеудің ең төменгі керек шекарасын құрайды. Осыған байланысты реттелмейтін нарық болмайды.

Уақыт өте келе нарық механизмінің шектілігі пайда болатын экономиканың жаңа облысы пайда болады, бұл мемлекеттің шаруашылық процестерге кеңірек қатысуын қажет етеді. Нарық өндіріс факторлары нарығында еркін бәсекелестік нәтижесінде алынған кірістерді әділ деп таниды, кірістер мөлшері факторларды салудың тиімділігіне тәуелді болады. Бірақ қоғамда не жері, не капиталы, не еңбегі (еңбекке қабілетсіздер, дәруменсіздер)

жоқ адамдар бар. Олар өндіріс факторлары нарығына ешнәрсе ұсына алмайды, олар бәсекелестікке қатыспайды, ешқандай кіріс алмайды. Балалар, жасы үлкен адамдар, мүгедектер еңбекке жарамсыз деп танылады. Сонымен, қатар еңбекке қабілетті, бірақ өз еңбегіне қолданыс таба алмай жүрген жұмыссыздар да бар. Сонда да нарықтық бөлу нарыққа өндірістің қайсібір факторын ұсынушы адамдарға да әл-ауқаттың стандартын қамтамасыз ететін, кірістің ең төменгі деңгейіне кепілдік бермейді.

Кірістерді нарықтық бөлу қоғамдық тауарларды өндірумен айналысушыларға қолданылмайды, олардың мазмұны нарықтық емес, мемлекеттің қамқорлығы болады. Барлық аталған жағдайларда мемлекет кірістерді қайта бөлуге араласуға құқылы немесе нарықтық механизм позициясында әділдік, моральдық, жалпы адами норма көзқарасында әділетсіз, адамның қоғамда лайықты өмір сүру құқығын бұзады.

Мемлекеттің функциялары мемлекетті кірістерді қайта бөлуге белсенді қатысуыға енгізумен байланысты кеңеюде.

Нарықтық экономикада бірқатар себептерге байланысты жұмыссыздықтың болмауы мүмкін емес, бұл мемлекеттің алдында күрделі мәселелерді қояды. Оның міндеті болып жұмыс күші нарығын жұмыспен қамтудың белгілі деңгейін ұстау, жұмыс орнын жоғалтқан немесе оны таба алмай жүрген адамдарды материалдық қамтамасыз ету мақсатында реттеу табылады.

Монополизм мен инфляция – нарықтық экономиканың ауыр «созылмалы ауруы», ол мемлекеттің үнемі жүргізілетін инфляцияға қарсы алдын алу шараларын жүргізуді қажет етеді.

Іргелі зерттеулер және олармен байланысты өтімділіктің ұзақ мерзімді, тәуекелдің жоғарғы дәрежелі және пайда қатынасында белгісіз ірі инвестицияларын дамытуға нарықтық механизмнің күші келмейді. Бұл жерде құрылымдық саясат пен ғылыми-техникалық прогресті ынталандыратын мемлекеттің қатысуынсыз болмайды. Керісінше нарық жаңа техника мен технологияның болашағы бар түрлерін коммерциялық игеруде тиімді жұмыс істейді.

Мемлекет нарықтық экономикаға тарихи, демографиялық және басқалай нарықтық емес факторлардың әсерінен пайда болған мәселелерді шеше отырып аймақтық саясатты жүргізеді.

Әлемдік экономикада ұлттық мүдделерді іске асыру мемлекеттің сәйкес сыртқы сауда саясатын, капиталдар мен жұмыс күшінің халықаралық миграциясына бақылауды, валюталық бағамға ықпал етуді, төлем балансын басқаруды жүргізуін талап етеді және т.б.

Мемлекеттің экономикаға араласуының көрсетілген шегі қазіргі заманғы қоғамның әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешу үшін мемлекеттік реттеу мен тиімді жұмыс істейтін нарықтық механизм арасында саналы ымыраға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Егер де мемлекет өндірістік ресурстарды бөлуге ұмтылса, ұтымды бағаға әкімшілік бақылауды ұстайды, кәсіпорындарға кредиторлық қарыздарын кешіреді, технологиялық жағынан артта қалған өндірісте жұмыс орнын сақтаса, фискалды салық саясатын жүргізсе, әлеуметтік жағынан аз қамтылған халыққа экономиканың нақты мүмкіндіктерін есепке алмай қамтамасыз етуге ұмтылса, онда экономикада өндірістің артта қалған құрылымы, өнімнің төменгі сапасы сақталады, ғылыми-техникалық прогресс облысында және халықтың өмір сүру деңгейінде артта қалулар ұлғайады.

Мемлекеттің маңызды функциялары болып экономиканы үнемі монополизациясыздандыру, тұрақты ақша саясаты көмегімен инфляцияға қарсы алдын алу шаралары, мемлекеттік қаржының тапшылықсыз жүйесін ұстау, көп секторлы тиімді экономиканы қалыптастыру, экономикалық реттеушілердің әрекеттегі жүйесін құру, кәсіпкерлік, салық салу, банк жүйесі үшін заңнаманы жетілдіруді әзірлеу табылады және т.б.

Мемлекет өз функцияларын әртүрлі әдістерді пайдалана отырып орындайды.

Біріншіден, мемлекеттің нарықтық байланысты үзетін кез келген іс-әрекеті есептен шығарылады, бірақ мемлекет бағаны қадағалап отырады және оның бақылаусыз өсуіне жол бермеуге тырысады.

Екіншіден, бірқатар жағдайларда экономикалық әдістерден басқа әкімшілік әдістерді де пайдаланады.

Үшіншіден, экономикалық реттеуіштер нарықтық ынтаны әлсіретпеуі керек, оны «нарыққа кедергі келтірмеу» принципі бойынша қолдану қажет. Тиімді нарықтық экономиканы құруды

нарықтың экономикалық әдістермен басудан бастамау керек. Яғни бағаның инфляциялық өсуін ынталандырушы салық салу мен тоқтатуға ұмтылуға болмайды. Онда бағаны көтеруден қалыс қалған өндіруші мемлекеттен төмендетілген салық ставкасы түріндегі жеңілдікті алады және керісінше салық салудың көтерілген ставкаларын жалақы қорының жоғарғы өсімінде қолданады. Бұл жағдайларда бағалар инфляциялық сұраныс пен ұсыныстан бұрынғыдай алшақ болады, нарықтық болмай қалады, ал күрделі салымдар қажеттілік пен сұраныс көп жерге емес, салық салу аз болған жерге барады және мемлекет нарықтық механизмді әкімшілік емес, экономикалық әдістермен дәрменсіз етеді.

Төртіншіден, мемлекет экономикалық реттеуіштерді пайдалана отырып оң және теріс әсерлерді бақылауы, өз шешімдерінің ұзақ мерзімді салдарына жауапты болуы керек. Мысалы, мемлекет болашағы анық емес жаңа жоғарғы тиімді технологияларды игеруді ынталандырғысы келеді. Ол қандай әдістерді пайдаланса да (салық саясаты, бюджеттен инвестициялар), түпкілікті нәтижеге тәуелсіз бұрынғы жұмысшылардың жұмыстан босауына, еңбек нарығында мемлекет реттеуге міндетті жағдайдың ушығуына әкеледі.

Бесіншіден, шаруашылықты жүргізудің ұлттық ерекшелігін, тарихи дәстүрді есепке алу керек.

Экономикалық және әкімшілік әдістер өзара байланысты. Кез келген экономикалық реттеуіш әкімшілендіру элементтерін қамтиды, өйткені қайсібір мемлекеттік қызметпен бақыланады. Мысалы, ақша жүйесі банкаралық несие ставкасының әсерін, оны көтеру туралы әкімшілік шешім қабылданғанға дейін сезінбейді. Өз кезегінде әрбір әкімшілік реттеуіште экономикалық белгі бар. Бағаға бақылау жасай отырып, мемлекет өндірушілер үшін ерекше экономикалық режимді құрайды. Оларды өндірістік бағдарламаларды қайта қарауға, күрделі салымдардың жаңа көздерін іздеуге мәжбүр етеді. Тұтынушыға да бейімделуге тура келеді – ағымды сұраныс құрылымын өзгерту, сонымен қатар оның көлемі мен жинақтар сомасы арасындағы арақатынасын өзгерту.

Экономикалық әдістер субъектілер үшін таңдау еркіндігін қыспайды, ал әкімшілік әдістер оны нөлге әкеледі. Әкімшілік әдістерді пайдалану тиімді және нарықтық механизмге қайшы

келмейтін облыстар бар, мысалы монопольды нарықты қатаң бақылау немесе сыртқы әсерлерді реттеу. Бұл сферада экономикалық реттеуіштер жеткіліксіз және тиімсіз, егер де өзен немесе орманға залал келтірсе, оларды ешқандай қаржылық санкциялар қалпына келтіре алмайды. Ұлттық ресурстардың бөлігін консервациялау, оларды коммерциялық пайдалануға тиым салу, табиғатты қорғау зоналарын бөлу, экологиялық зиян технологияларға тыйым салу сияқты әкімшілік шаралары керек.

Мемлекет халыққа экологиялық қауіпсіздікті кепілдендіретін экологиялық стандарттарды әзірлейді, халықтың әл-ауқатының ең төменгі ұйғарымды параметрлерін анықтайды және қолайды, жалақының кепілдендірілген ең төменгі деңгейі, жұмыссыздық бойынша жәрдемақы және т.б. Сонымен қатар, мемлекет әлемдік шаруашылық жүйесінде ұлттық мүддені қорғайды, мысалы экспортты лицензиялайды немесе импортты бақылайды.

Мемлекет ұсынатын қоғамдық тауарлар ақшалай нысанда өлшеуге болмайтын және нарық бере алмайтын ұжымдық қажеттіліктерді қанағаттандыруға (ұлттық қорғаныс, республикалық парламент, қалалық су құбырлары және т.б.) арналған. Олар ұжыммен пайдаланылады, басқа қосылған тұлғаларды тұтынудан шығармайды, олардың ұсынысы мемлекетпен қанағаттандырылады. Мемлекетке қоғамдық тауарларға деген жеке қажеттілік белгісіз, жеке тұтыну басқа тұтынушыларға зиян әкелмейді. Мысалы әлемдік мұхит теңізде жүзу көзқарасында қоғамдық тауар, ал ресурстық бөлікте – жеке болып табылады.


Қоғамдық тауарлар ұжымдық қажеттіліктерді, салық және бюджет саясаттарын байланыстырады. Бюджеттік шығыстардың мөлшері мен құрылымы мемлекеттік қызметтердің ақшалай бағасы болып табылатын қоғамдық тауарлардың оңтайлы ұсынысына тәуелді болады.

Қоғамдық тауарлардың оңтайлы мөлшерін бағалау мемлекеттен толық анықсыздық жағдайында жүргізіледі. Мемлекет табыс салығын салу жүйесін салықты төлеу барлық азаматтардың материалдық әл-ауқатына, олардың кірістер мөлшеріне (Виксель критерийі) тәуелсіз, тең зиян әкелетіндей етіп құруы керек.

Ел азаматтары қоғамдық тауарды салыққа тең бағаға сатып алатындықтан, бюджеттің кірістерден қалыптасатын кірістері мен оның шығыстары арасындағы тепе-теңдікті ұстап тұру керек. Бюджеттік шығыстар құрылымы қоғамдық тауарларға деген сұраныс құрылымына сәйкес келуі керек. Қоғамдық тауарлар спекторының ұлғаюымен немесе азаюмен мемлекеттік бюджет те өзгеруі керек.

Сыртқы әсерлер нарықтық тепе-теңдікті бұзады және ресурстарды оңтайсыз бөлуді шарттастырады. Теріс сыртқы әсермен мемлекеттің қатысуынсыз күресуге болмайды. Мысалы, мемлекет арнайы салық арқылы ластаушы кәсіпорыннан, ол келтірген экологиялық зиянды жою үшін кірісінің бөлігін алады. Ал егер тұтынушы қоғамдық тауар – ұлттық қорғанысты – сыртқы тауарлардан қорғау бойынша өз қажеттілігін қанағаттандыру үшін сатып алса, ал әскери корпорациялар ғылыми-техникалық прогрестің дамуына ықпал етсе, оның нәтижесі бүкіл қоғам үшін пайдалануға берілді, ол – өзінің әл-ауқатын тегін көтереді. Осы сыртқы әсерді өтеу үшін мемлекет әскери корпорацияларға демеу қаржы беруі мүмкін. Осылайша, мемлекет ұсынысты қамтитын шығындар ағынын теңестіреді.

Мемлекет өз функцияларын орындай отырып сыртқы әсерлерді анықтайды, оларды ақшалай нысанда өлшейді, нарықтық жүйенің жетілмеуін өтейтін шешімдер қабылдайды.



### Мемлекеттік қаржының экономикалық мәні мен мағынасы

«Қаржы» экономикалық категориясы мемлекеттік қызметте жетекші болып табылады. Осыған байланысты ол мемлекеттік функциялардың орындалуына қызмет көрсетеді, мұнда мемлекеттік қаржы туралы айтуға болады. Олар заңды және жеке тұлғалармен өндірістік және әлеуметтік қатынастарды қамтиды, оған экономиканы тұрақтандыруға, елде экономикалық өсуді қамтамасыз етуге және халықтың өмір сүру деңгейін көтеруге ұмтылатын мемлекеттің қатысуын қамтиды.

Мемлекеттік қаржы елдің қаржы жүйесінің маңызды сферасы болып мемлекетті экономикалық, әлеуметтік және саяси функцияларын орындау үшін керекті ақшалай қаражаттармен қамтамасыз ету табылады.

Мемлекеттік қаржы – бұл мемлекет пен оның кәсіпорындарының иелігіндегі қаржы ресурстарын қалыптастыру мен мемлекеттік қаражаттарды кеңейтілген ұдайы өндіріс бойынша шығындарды қаржыландыруға, қоғам мүшелерінің әлеуметтік-мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыруға, қорғаныс және басқару қажеттіліктеріне пайдаланумен байланысты, қоғамдық өнім мен ұлттық байлықтың бөлігін бөлу және қайта бөлу бойынша ақша қатынастары.

Бұл жағдайда ақшалай қатынастар субъектісі болып билік органы тұлғасындағы мемлекет, кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер, азаматтар табылады.

Мемлекеттік қаржы ақшалай қаражаттардың мемлекеттік орталықтандырылған қорларын құру мен бөлу және жалпы ішкі өнім мен ұлттық байлықты құру процесінде пайда болатын орталықтандырылған бюджеттен тыс қорларын құру жөніндегі қатынасты сипаттайды.

Бөлінген құн мемлекет пен оның кәсіпорындарының ресурстарын қалыптастыруға негіз болады, ол соңынан мемлекеттік функциялар мен мемлекеттік шараларды атқару үшін пайдаланылады.

Мемлекеттің қаржылық ресурстарының мақсатты бағыттылығы қоғамның кірістері мен елдің ұлттық байлығын әділ қайта бөлуді қамтамасыз етуде.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік қаржы көлемінің өсу қарқыны мемлекет қызметінің белсенділігінің артуына байланысты жалпы ішкі өнімнің өсу қарқынынан асып отыр.

Мемлекеттің қаржысы бөлу және бақылау функцияларын атқарады. Біріншісі жалпы қоғамдық өнім мен ұлттық байлықтың маңызды бөлігі ұлттық кірісті бөлуге және қайта бөлуге мүмкіндік береді. Ол мемлекеттің, экономикалық субъектілердің, азаматтардың ақшалай кірістерін қалыптастыру мен олардың қаражаттарын жұмсау негізінде экономикалық мүдделерін сипаттайтын, қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Екінші функция қоғамдық өнім құнының ақшалай нысандағы қозғалысын қаржылық бақылау арқылы іске асырылады.

Мемлекет оның билік және басқару органдары тұлғасында кәсіпорындармен, ұйымдармен, мекемелермен, азаматтармен ақшалай қатынастар субъектісі болады және даму процесінде күрделі экономикалық және әлеуметтік құбылыстарды реттеуді жүзеге асырады.

Мемлекеттік қаржының экономикалық мазмұны біркелкі емес. Олардың құрамында әр қайсысы ерекше функцияны атқаратын шарттастырылған элементтер айрықшаланады.

Келесілерді мемлекеттік қаржы элементтері деп атауға болады:

- мемлекеттік бюджет (республикалық бюджет пен әртүрлі деңгейдегі жергілікті бюджеттер);
- бюджеттен тыс қорлар;
- мемлекеттік несие;
- мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдар қаржысы.

Көрсетілген элементтердің әртүрлі функционалдық тағайындалуының арқасында, мемлекет экономикалық және әлеуметтік процестердің кең спектріне ықпал етеді, салалық және аумақтық мәселерді шешеді.

Мемлекеттік кәсіпорындар қаржысы орталықсыздандырылған ақшалай қорлар сферасына жатады және рөлі олардың жеткілікті тиімділігі жағдайында өте жоғары.

Орталықтандырылған ақшалай қорларда бюджеттердің жиынтығы ретіндегі мемлекеттік бюджет маңызды рөл атқарады, онда қоғамдық тағайындалудағы орталықтандырылған қорлардың бөлігі шоғырланады. Қоғамдық ұдайы өндірістегі мемлекеттік бюджеттің рөлі жоғары. Мемлекет бюджеті республикалық және жергілікті болып бөлінеді.

Республикалық бюджетке экономиканы құрылымдық қайта құрулар, оны тұрақтандыру тапсырмаларын шешуде маңызды рөл беріледі.

Республикалық бюджет арқылы жалпы мемлекеттік шаралар қаржыландырылады. Олар мемлекеттік мақсатты бағдарламалар; қорғаныс, шекараны қорғау; құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету; халықаралық міндеттемелерді орындау; басқарудың

республикалық органдарын ұстау. Республикалық бюджетте шоғырландырылатын қаражаттар қоғамдық өндірістің прогрессивті құрылымын қамтамасыз ету, экономика дамуының әлеуметтік бағыттылығын күшейту, ел азаматтарын әлеуметтік қорғаудың бірінші деңгейін ұстау, оларды кепілдендірілген құқықпен және еркіндікпен қамтамасыз ету мақсатында салалық және аумақтық кесіндіде бөлінеді.

Бюджеттік қатынастар жүйесінде жергілікті билік органдарының рөлі мен әсерінің көтерілуіне байланысты жергілікті бюджетке маңызды рөл берілді. Жергілікті бюджеттер өндірістік күштерді орналастырудың экономикалық процестерін, аумақтық инфрақұрылым мен әлеуметтік сфераның дамуын реттейді.

Мемлекеттік қаржы құрамындағы жеке буындар бюджеттен тыс қорларды құрайды. Олар республикалық және жергілікті билікпен басқарылса да, ұйымдастыру бойынша бюджеттерден алшақ және белгілі дербестікке ие. Бюджеттен тыс қорларға әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік қоры, зейнетақы қоры, ұлттық қор және республикалық және аймақтық мәндегі басқалай мақсатты қорлар (инновациялық, табиғатты қорғау, аймақтық даму және т. б.) жатады. Бюджеттен тыс қорлардың басты тағдайындалуы жекелеген мақсатты шараларды қаржыландыру. Олар мемлекеттік билік органдары тарапынан аз бақыланады. Оларды мақсатты тағайындалуы мен басқару деңгейі бойынша жіктеуге болады.

Мемлекеттік несиенің мазмұнын құрайтын ақшалай қатынастар мемлекеттік қаржының айрықша бөлігін құрайды.

Мемлекеттік несиенің қатынастары кәсіпорындардың ұйымдар мен халықтың уақытша бос ақшалай қаражаттарын шоғырландырумен және оларды мемлекеттік билік органдарына мемлекеттік шығындарды қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін уақытша пайдалануға берумен байланысты пайда болады.

Мемлекеттік несиенің қарыз алушы ретіндегі мемлекет пен кредитор ретіндегі заңды және жеке тұлғалар арасындағы ақшалай қаражаттардың мемлекеттік қорын құрумен, бөлумен, қайта бөлумен және пайдаланумен байланысты пайда болатын ақша қатынастарының сферасы болып табылады.

Қарыз алушы ретінде мемлекет халықтың кәсіпорындар мен қаржы-несие мекемелерінің бас ақшалай қаражаттарын әртүрлі бағалы қағаздарын шығару және орналастыру жолымен тартады. Мемлекеттік кредиттің негізгі нысандары болып заемдар мен қазынашылық ссудалар табылады. Мемлекеттік кредит бюджет тапшылығын жою мен экономиканы қаржылық сауықтыруда маңызды рөл атқарады.

Мемлекеттік қаржы өзінің қызметін мемлекеттік заңды тұлғалардың мүлкі мен мемлекеттік қазынаны қамтитын мемлекеттік меншікке негіздейді.

Мемлекеттік заңды тұлғалардың мүлкі заңмен оқшауланған және мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржысының қызметіне негіз болып табылады. Мемлекеттік кәсіпорындар қаржысы тікелей материалдық өндірістік, қоғамдық өнім мен ұлттық кіріс құрылатын сферасының бөлігі мен олар қайта бөлінетін өндірістік емес сфераның бөлігіне қызмет етеді.

Кәсіпорын қаржысы базасында мемлекеттің қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыруға арналған ақшалай қаражаттардың орталықтандырылған да, орталықсыздандырылған да қорлары құрылады.

Мемлекеттік қазына республикалық және жергілікті болып бөлінеді.

Республика қазынасы келесілерді қамтиды:

- республикалық бюджет қаражаттары;
- мемлекеттің алтын-валюта ресурстары;
- мемлекеттік меншікке айрықша құқық мүлкі (үймәрет, жер қойнауы, табиғи ресурстары, жануарлар әлемі байлығы);
- республикалық меншікке жататын оқшауландырылмаған мүлік.

Аймақ қазынасы келесілерді қамтиды:

- жергілікті бюджет қаражаттары;
- муниципалды меншікке жататын оқшауландырылмаған мүлік.


Қоғамның әлеуметтік экономикалық дамуының кез келген кезеңінде мемлекеттік қаржының барлық элементтері мемлекеттің экономикалық функцияларын орындауға қызмет етеді.

Мемлекеттік бюджет елдің қаржы жүйесінің орталық элементі. Ол материалдық және материалдық емес өндіріс сфераларымен байланысты, ақша қатынастарына негізделеді, құнды халық шаруашылығы салалары аумақтары, секторлары арасында қайта бөлу үшін керек.

Мемлекеттік бюджет – бұл елдің негізгі қаржылық жоспары, ол қаржы сферасындағы бөлу процестерін, кірістер мен шығыстарды қамтиды, өз көздеріне ие. Оның мөлшерінде мемлекеттің қаржы саясаты өз сипатын табады. Мемлекеттік бюджеттің тұрақтылығы оның мемлекет заңында әрекет етуімен кепілдендіріледі.

Мемлекеттік қаржы құрамында бюджеттердің өзара байланысы, бюджетаралық қатынастар маңызды рөл атқарады. Бұл бюджеттер билік пен басқарудың республикалық және жергілікті органдары үшін қаржылық база болып табылады.

Әкімшілік және аумақтық құрылымдардың экономикалық дербестік жағдайында олардың бюджеттері толық дербестікке, заңды актілермен бекітілген тәуелсіз жағдайларға ие. Бюджеттік кірістер құрамын белгілеу биліктің республикалық және жергілікті органдары функцияларын шектеуге тәуелді болады.



### 12.3. Мемлекеттік кірістердің мәні, құрамы мен құрылымы

Мемлекеттік кірістер – қаржы маңызды категорияларының бірі. Ол қаржы механизмі көмегімен мемлекеттің қаржы саясаты негізінде бөлу және қайта бөлу процестері нәтижесінде қалыптасады.

Мемлекеттік кірістер – мемлекет пен мемлекеттік кәсіпорындарды қаржы ресурстарын қалыптастырумен байланысты қаржы қатынасының бөлігі. Осы қатынастар процесінде мемлекеттің жұмыс істеуіне материалдық базаны құру үшін қаражаттарды құрайды. Бұл ерекше қоғамдық мәнге ие объективті шарттастырылған категория және мемлекет қызметі үшін қаржылық база болып табылады.

Ұлттық кірістерді бөлу нәтижесінде мемлекеттің, жеке кәсіпорындардың, шаруашылық ұйымдары мен халықтың бастапқы кірістері құрылады.

Мемлекеттік кірістердің экономикалық мәні мемлекеттің функцияларымен, тауар-ақша қатынасының даму деңгейімен, өндіріс әдісімен анықталады. Мемлекет мемлекеттік бюджетте орталықтандырылатын қоғамның таза кіріс бөлігі мен кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер, халықта қалдырылатын бөлігін белгілейді.

Мемлекет кірістері бюджеттік қорларды қалыптастыру процесінде мемлекеттің кәсіпорындармен, азаматтармен пайда болған экономикалық қатынастарын сипаттайды. Олар көптеген көздер мен түсімдерден тұрады: салықтар, алымдар, төлемдер, баждар және т.б. Жалпы мемлекеттік салықтар республикалық бюджетке, жергілікті салықтар жергілікті бюджетке есепке алынады.

Әртүрлі әдіспен қалыптасатын мемлекеттік кірістердің барлық түрлерінің жиынтығы мемлекеттік кірістер жүйесін құрайды.

Мемлекеттік меншіктен түскен кірістер мемлекеттік кірістердің маңызды көзі болып табылады, оларға келесілер жатады:

- мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың таза пайдасы, қосылған құн салығы, акциздер, кедендік кірістер түріндегі таза кірісі;
- мемлекеттік мүлікті сатудан түскен кірістер;
- мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар көрсететін ақылы қызметтерді орындаудан түскен кірістер;
- үй-жайды жалға беру төлемін, қосалқы кәсіпорындардың кірістерін қамтитын бюджеттік мекемелердің арнайы қаражаттары.

Мемлекеттік кірістердің белгілі бөлігі жеке кәсіпкерлік сектор, кооперативтік ұйымдар мен халықтың кірістері есебінен құрылады.

Мемлекеттің бастапқы кірістері, сонымен қатар мемлекеттік емес кәсіпорындар мен халықтың бастапқы кірістері қайта бөліне отырып көптеген мақсатты ақшалай қорларды құрайды, атап айтқанда:

- мемлекеттік бюджет;
- мемлекеттік зейнетақы қоры;

- әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік қоры;
- резервтік қор және т.б.

Қорлардың саны үнемі өзгеріп тұрады, өйткені олар республика дамуының белгілі кезеңіндегі мемлекеттің экономикалық және қаржы саясаттарының мақсаттарына байланысты қайта құрылады, таратылады, ірілендіріледі.

Мемлекеттік кірістерді жіктеу олардың экономикалық табиғатын, құрамы мен мақсатты бағыттылығын, қалыптасу принциптерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.


Мемлекеттік кірістер келесідей жіктеледі:

1. Ұйымдастыру-құқықтық нысанына байланысты:
  - мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың кірістері;
  - мемлекеттік бюджетке жеке сектордан түсетін түсімдер;
  - халықтың мемлекеттік бюджетке төлемдері.
2. Құру сферасына байланысты:
  - бастапқы бөлуге сәйкес материалдық өндіріс сферасында қалыптасатын кірістер;
  - қайталама қайта бөлуге сәйкес өндірістік емес сферада құрылатын кірістер.
3. Орталықтандыру деңгейі бойынша:
  - олардың құрылу орнына байланысы мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдарда пайдаланылатын,
  - мемлекеттік бюджетте шоғырландырылатын және мемлекеттің ақшалай қаражаттарының басқалай мақсатты орталықтандырылған қорларында.
4. Қалыптасу әдісі бойынша:
  - салықтық түсімдер;
  - салықтық емес түсімдер.

Қазіргі кезде барлық елдерде мемлекеттік кірістерді жұмылдырудың салықтық әдісі кеңінен таралған.

Салықтық төлемдер екі функцияны атқарады, олар: фискалдық және экономикалық. Фискалдық функция кірістің бөлігін мемлекеттік бюджетті қалыптастыру үшін алып қоюдан, ал экономикалық функциясы салықтық төлемдердің қоғамдық өндіріс үйлесімділігі әсерінен көрінеді.

Үкіметтің және мемлекет иелігіндегі шаруашылық бірліктерінің мемлекеттік кірістер жүйесі мен қаржы ресурстарын жалпы қоғамдық өнім құнын құраушылар құрайды.



#### Мемлекеттік шығыстардың мәні, құрамы, құрылымы және ұйымдастыру принциптері

Өз тапсырмалары мен функцияларын орындауды қамтамасыз ете отырып, мемлекет қаржы ресурстарын бөледі және пайдаланады. Ақшалай қаражаттардың орталықтандырылған және орталықсыздандырылған қорларын бөлу мен пайдалануда қалыптасқан құқықтық нормалармен реттелген экономикалық қатынастарды сипаттайтын және оның үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ететін мемлекет шығындары мемлекеттік шығыстар деп аталады.

Мемлекеттік бюджет шығыстары – бұл мемлекеттің орталықтандырылған ақшалай қорларын салалық мақсаты және аумақтық тағайындалуы бойынша бөлу және пайдаланумен байланысты экономикалық қатынастар.

Мемлекеттік қызметті, мемлекеттің функцияларын қаржыландыруды экономика мен әлеуметтік сфераның дамуының оң маңызды қажеттіліктерін қанағаттандыруға, халықтың әл-ауқатын анықтауға арналған мемлекеттік шығыстар қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік бюджет шығыстары объективті экономикалық категория болып табылады және екі жақты сипатта болады. Бір жағынан бұл мемлекеттің халық шаруашылығы салаларын қаржыландыру шығындары, ал келесі жағынан алушы кәсіпорындардың кірістері. Олар ақшалай қорларды қайта бөлу мен мақсатты тағайындалудағы жаңа қорларды құрудың үздіксіз процесін көрсетеді, қоғамдық өндірісті дамыту және жетілдіру, қоғамның әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жалпы қоғамдық өнім бөлігін бөлу мен қайта бөлумен және тұтынумен байланысты экономикалық қатынастарды сипаттайды.

Мемлекеттік шығыстар қаражаттарды ең жоғарғы деңгейде тиімді пайдалана отырып, мемлекеттік қажеттіліктерді толығымен қанағаттандыруға бағытталған.

Бюджеттің шығыстарында бірінғай бөлу процесінің екі тарапы сипатталады:

- бюджеттік қорды құрамдас бөліктерге бөлу;
- мақсатты тағайындалған ақшалай қорларды қалыптастыру.

Шығыстар категориясы – бұл сапалы мінездеме мен сандық көлемге ие шығыстардың түрі.

Сапалық мінездеме бюджеттік шығыстардың әрбір түрлерінің экономикалық табиғаты мен қоғамдық тағайындалуын, ал сандық көлемі – олардың шамаларын белгілеуге мүмкіндік береді. Шығыстар көріністің әртүрлі нысандарына ие және мемлекет функцияларының спектрімен, елдің әлеуметті-экономикалық даму деңгейімен, бюджеттік қаражаттарды ұсыну нысандарымен, экономика құрылымымен және т.б. анықталады.

Мемлекеттік шығыстар мемлекеттік қажеттіліктерді қаржыландыру көздерінің нысандары мен әдістерінің түрлілігіне байланысты экономикалық мәні мен мағынасы бойынша әркелкі. Мемлекеттік шығыстарды шектеудің маңызды критерийі болып олардың материалды өндіріс процесі мен ұлттық кірісті құруға деген қатынасы табылады.

Мемлекеттік шығыстарды жинақтау қоры мен тұтыну қоры арасында оңтайлы бөлу мемлекеттің экономикалық саясатының маңызды тапсырмалары болып табылады. Жинақтау қоры мен тұтыну қорының арасалмағы өзгеруі мүмкін. Соғы жылдары тұтыну қорының өсу қарқыны жинақтау қорының өсу қарқынынан асып отыр.

Мемлекеттің әрбір даму кезеңі үшін экономика қажеттіліктеріне, оны басқару типі мен деңгейіне сәйкес шығыстар жүйесі керек.

Мемлекеттік шығыстар белгілі белгілер бойынша жіктеледі:

- материалдық өндірістің дамуымен, оның салалық құрылымын жетілдірумен байланысты шығыстар; мемлекеттің шаруашылық қызметімен және ұлттық кірісті құрумен шарттастырылған;
- ең алдымен ағарту және денсаулық сақтау мекемелерін ұстауға, ғылым мен мәдениетті дамытуға, тұрғын үй және мәдени тұрмыстық құрылысқа, жұмысшыларды әлеуметтік сақтандыруға, сонымен қатар қоғамның барлық мүшелерін

әлеуметтік қамтамасыз етуге бағытталатын өндірістік емес сфераны ұстау мен оның одан әрі дамуымен байланысты шығыстар. Шығыстардың бұл тобы ұлттық кірісті қоғамның қоғамдық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін тұтынумен байланысты. Өндірістік емес сфера қажеттіліктеріне қажетті шығыстар ұлттық кірістің тұтыну қорына түсетін бөлігі болып табылады. Өндірістік емес сфераға шығындар көлемін ұлғайту, нәтижесінде қоғамдық өндірістің өсу қарқынынан және оның тиімділігін білікті мамандарды дайындау, ғылым жетістіктерін өндіріске ендіру, материалдық өндіріс сфералары жұмысшыларына медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету және т.б. есебінен көтеруден көрінеді;

- өндірістік және өндірістік емес сфералардың кездейсоқ жағдайлардағы қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған мемлекеттік резервтерді құруға шығыстар, мысалы дүлей апат жағдайында залалдардың орнын толтыру үшін және кәсіпорындарды, мекемелерді, ұйымдар мен халықты тауарлармен және өнімдермен үздіксіз қамтамасыз етеді. Бұндай резервтерді құру орталықтандырылған түрде жүргізіледі, ол олардың керекті мөлшерін салыстырмалы төмендетуге және тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.
2. Қоғамдық тағайындалуы, пәндік, мақсатты белгілері бойынша:
- мемлекеттік шығыстарды пайдаланудың негізгі бағыты болып табылатын экономикаға жұмсалатын шығыстар. Бұл өндіріс көлемінің тұрақты өсуі мен оның тиімділігін көтеру үшін жағдай жасауға бағытталатын ақшалай қаражаттар. Оларға күрделі салымдарды, негізгі қорларды жөндеу шығындарын және айналыс қаражаттарының өсіміне шығыстарды, материалдық резервтерді құруға, ағымды шығыстарға жұмсалатын шығындарды, әлеуметтік қорлар мен мақсатты қаржыландыру қорларын құруға кететін шығындарды жатқызуға болады;
  - мемлекеттік шығыстардың маңызды бағыты болып табылатын әлеуметтік-мәдени шараларға шығыстар. Бұл білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау сфераларына шығындар

және т.б. Білім мекемелерін қаржыландыру, мысалы, білім беру мекемелерінің әрбір түрі мен типі бойынша әрбір оқушыға анықталған, мемлекеттік нормативтерге сәйкес іске асырылады. Мәдениет пен өнерді қаржыландыру кітапханаларды, клубтарды, мәдениет үйлерін, мұражайлар мен көрмелерді, театрларды, филармонияларды ұстауды қарастырады;

- мемлекеттік шығыстар жүйесінде үлкен үлес салмақты алатын әлеуметтік қамтамасыз етуге шығыстар, олар мемлекет институттары арқылы азаматтарға кепілдендірілетін қалыпты өмір сүру деңгейін қамтамасыз етеді. Ол институттар зейнетақы төлеу бойынша мемлекеттік орталық жинақтаушы зейнетақы қоры, республикалық бюджет, кәсіпорындардың әлеуметтік қоры. Әлеуметтік жәрдемақыларды төлеу нысанында қоғамның еңбекке қабілетсіз және жұмыс істемейтін мүшелеріне қолдау, аз қамтылған жіктеріне әлеуметтік көмек қамтамасыз етіледі. Жұмыс істейтін азаматтар үшін әлеуметтік сақтандыру жұмысшылардың жалақы қорына пайыз да жұмыс берушілердің аударымдары негізінде мемлекеттік-әлеуметтік қорларды құру жолымен іске асырылады, яғни өзінің экономикалық табиғаты бойынша ол адамның еңбек қызметі мен оның нәтижесімен байланысты.
- республикалық бюджеттен әскери дайындық жоспарлары, әскери қызметкерлер штаты, материалдық және шаруашылық жоспарлары, материалдық және ақшалай жабдықталым және т.б. негізінде қаржыландырылатын, қорғанысқа шығыстар;
- жеке кәсіпкерлік қаржыландыруға мүдделі емес, іргелі зерттеулер мен ғылыми-техникалық әзірлемелер түрлеріне тәуелді болатын ғылымға шығыстар. Олар кәсіпорындар үшін мақсатты субсидиялар мен жеңілдетілген несиелерді және инвестициялық қорлардың қаржы ресурстарын ұсыну жолымен іске асырылады;
- республикалық бюджеттен жергілікті бюджетке дейін – барлық деңгейдегі бюджет шығыстарының құрамында жыл сайын бекітілетін басқару шығыстары. Бюджеттік

қаражаттар мекеме шығыстарының көлемін, қаражаттардың мақсатты бағытын анықтайтын құжат болып табылатын, бекітілген сметаға сәйкес жұмсалады. Осы шығындар мөлшері басқару органдары штатының санына, олардың жалақы деңгейіне, коммуналды қызметтер көлеміне, материалдарға, іс-сапар және уәкілеттілік шығыстарына деген қажеттіліктерге; көлік құралдарын ұстау, басқару органдары орналасқан үй жайларды ұстау және жөндеу шығындарына тәуелді болады.

Бюджеттік шығыстарды олардың қоғамдық тағайындалуы бойынша топтастыру мемлекет атқаратын функцияларды (экономикалық, әлеуметтік, қорғаныс және т.б.) сипаттайды. Бюджеттік шығыстардың жартысынан көбісі экономиканы қаржыландыруға, үштен бірі - әлеуметтік-мәдени шараларға бағытталады.

### 3. Қызмет түрлері (экономика салалары) бойынша:

- өндірістік сфера;
- өнеркәсіп;
- ауыл шаруашылығы;
- көлік;
- байланыс;
- құрылыс;
- сауда;
- жабдықтау мен дайындау;
- өндірістік емес сфера;
- білім беру;
- денсаулық сақтау;
- әлеуметтік қамтамасыз ету және әлеуметтік сақтандыру;
- ғылым;
- қорғаныс;
- басқару.

### 4. Басқару деңгейі бойынша:

- республикалық деңгей шығыстары;
- жергілікті бюджет шығыстары.

5. Аумақтық белгілері бойынша мемлекеттік шығыстар ел аймақтары бойынша бөлінеді, ол өндірістік күштерді орналастыруға белсенді ықпал етуге мүмкіндік береді.

Мемлекеттік шығыстар құрамына мемлекеттік бюджет, мемлекеттік бюджеттен тыс қорлардың шығыстары, өндірістік және өндірістік емес сфералардың, мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдарының, мекемелерінің шығыстары енеді.

Мемлекеттік шығыстар бірқатар принциптер негізінде ұйымдастырылады:

- мемлекеттік шығыстарды ұйымдастырудың негізгі принципі ретінде бір қалыптылық. Мемлекеттік шығыстарды жоспарлау-халық шаруашылығын жоспарлаудың қосалқы жүйелерінің бірі. Ол жалпы қоғамдық өнім мен ұлттық кірісті халықтың әл-ауқатын көтеру мақсатында өндірістік және өндірістік емес сфералар, салалар, ел аймақтары арасында бөлу және қайта бөлу жолымен іске асырылады;
- қаржыландырудың мақсатты сипаты, ол мемлекеттік шығыстарды ұйымдастырудың маңызды принципі болып табылады, өйткені мемлекеттік бюджеттің ақшалай қаражаттарын экономика мен аймақтардың жекелеген салаларын дамытуда үйлесімділігіне қол жеткізу үшін экономикалық және әлеуметтік дамудың мемлекеттік жоспар объектілеріне, ғылыми-техникалық прогресті анықтайтын, елдің болашағы мол және прогрессивті салаларды дамытуға қатаң түрде пайдалану қажет;
- қайтарылмайтындық, яғни экономиканы дамытуға, әлеуметтік-мәдени шараларға, басқаруға жұмсалған шығыстар бөлінген қаражаттардың міндетті түрде қайтарылуын талап етпейді, бұл экономика мен мәдениеттің дамуына, еңбек өнімділігінің көтерілуі мен ұлттық кірістің өсуіне ықпал етеді;
- қажеттіліктер шамасына қарай қаржыландыру. Ол қаржы ресурстарын өндірістік көрсеткіштерді орындағанда және экономикалық, әлеуметтік даму шараларын іске асырғанда ғана бөлуді қарастырады;
- үнемдеу режимін сақтау, мемлекеттік шығыстарды жұмсаудың өндірістік және өндірістік емес сфералардың барлық бөлімшелерінде ішкі резервтерді іздеу мен бақылауды күшейтуге бағытталған;

- бюджеттік, несие және басқа көздердің үйлесімділігіндегі оңтайлылық.

Мемлекеттің шығыстары келесі жолмен іске асырылады:

- бірқатар шаруашылық есеп кәсіпорындары мен ұйымдарының меншікті ресурстары, банк несиелері және жеткіліксіз бөлігінде-бюджеттік ассигнациялар есебінен қаржыландыру;
- әлеуметтік-мәдени шараларға, мемлекеттік билік пен басқаруды ұстауға, қорғанысқа, шығындарды бюджеттік қаржыландыру арқылы, ол ерекше құжат – шығыстардың жеке немесе ақшалай нормалары негізінде әзірленген смета негізінде анықталады;
- айналысқа ақша эмиссиясы мен несие эмиссиясымен (нақтысыз);
- ақшалай қаражаттар кәсіпорындар мен ұйымдардың шығындарын жабу үшін, сонымен қатар төменгі тұрған бюджеттерін теңестіру үшін, бюджет пен бюджеттен тыс қорлардан қайтарылмайтын тәртіптегі дотация. Бұл нысан ауыл шаруашылығы өнімінің бағасындағы айырмашылықты толтыру, жекелеген өнімдер мен тауарларға, әлеуметтік-қолайлы бағаларды ұстау, тұрғын-үй коммуналдық, театр көрініс шаралары мен өндірістік емес сфера шығындарын бөлшекті жабу түрінде таралған. Нарықтық жағдайларда дотация көлемі қысқарады;
- субвенциялар – халықты әлеуметтік қолдаудың басқалай шаралары бойынша бағдарламалары мен шараларын мақсатты мемлекеттік қаржылық көмек, қаражаттар мақсатты пайдаланылмаған жағдайда қайтаруға жатады;
- субсидиялар – мақсатты шығындарды қаржыландыру үшін бюджеттен белгіленген сома шеңберінде бөлінетін трансферттік төлемдер;
- қайтарымдылық, төлемділік, мерзімділік, кепілдік қамтамасыздық жағдайында бюджеттік кредиттеу;
- инвестициялау – мемлекеттік шығыстардың маңызды бағыты (мемлекеттік күрделі салымдар);

- экономикалық мәні мен мағынасы бойынша мемлекеттік шығындардың жекелеген түрлерінің біркелкі болмауы шығындарды қаржыландырудың көздерінде, нысандары мен әдістеріндегі ерекшелікті шарттастырады.



*Бақылау сұрақтары:*

1. Мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік қызметтерінің түрлерін атаңыздар.
2. Кәсіпорын қызметінің жанама сыртқы әсерлеріне анықтама беріңіздер.
3. Мемлекеттің жанама әсерлерді реттеудегі рөлі қандай?
4. Қоғамдық тауарлар, игіліктер мен қызметтер көлемін анықтаудың ерекшеліктері қандай?
5. Өсетін мемлекеттік белсенділік заңы неде?
6. Мемлекеттік қаржыға анықтама беріңіз.
7. Мемлекеттік кірістер көздері мен түрлерін атаңыз.
8. Мемлекеттік шығыстардың бағыттарын атаңыздар.
9. Мемлекеттік қаржы құрамын анықтаңыздар.
10. Мемлекеттік қазына дегеніміз не?